

Гүлдана Мұхтарбекқызы

Нұрсәуле Тілдабаева

# DOSTAR

2-кітап

## Генаны құтқару

Балаларға арналған әңгімелер

Астана-кітап  
Алматы, 2021

**ӘӨЖ 087.5**

**КБЖ 83.5**

**Ж 26**

Мұхтарбекқызы Г., Тілдабаева Н.

**Ж 26 DOSTAR. 2-кітап. Генаны құтқару:** Балаларға арналған әңгімелер.  
/ Мұхтарбекқызы Гүлдана, Тілдабаева Нұрсәуле : - Алматы: Астана-кітап, 2021. -  
36 б.

**ISBN 978-601-75-95-15-9 (жалпы)**

**ISBN 978-601-7595-17-3 (2-кітап)**

Адал достық – адамдықтың негізі. Кітаптың бас кейіпкері Димаш тылсым күшке ие тұлпармен достасады. Екеуінің қарым-қатынасы шынайы достыққа айналады. Алайда Димашқа қалаға көшуге тура келеді. Осылайша, жаңа ортада Гена, Адина мен Тимур секілді балалармен достасып, шытырман оқиғаларды бастан кешіреді. Димаштың қалалық өмірінде де Айжұлдыз оны жалғыз қалдырған жоқ. Қиналған сәттерінде ізгілікке үндеп, жол табуға көмегін тигізеді.

Бұл – жай ғана оқиғалар жинағы емес, әмбебап тәрбие құралы болып табылады. Кітаптар сериясы – шынайы достықтың оқиғасы. Ересектер мен балалардың арасындағы қарым-қатынасты жаңа қырынан суреттейтін әңгімелер баланың да, үлкеннің де жүрегінен орын алары сөзсіз.

ӘӨЖ 087.5

КБЖ 83.5

**ISBN 978-601-75-95-15-9 (жалпы)**

**ISBN 978-601-7595-17-3 (2-кітап)**

© Астана-кітап, 2021

## Мазмұны

1 тарау. Қалада.....	5
Қош келдің, Димашжан!.....	6
Әдепсіз ит .....	10
2 тарау. Гена.....	14
Генаны құтқару .....	15
Менің әкем қайда?.....	20
Үйде.....	22
Димаш пен әкесі.....	24
Генамен танысу .....	26
3 тарау. Жаңа мектеп.....	28
Күтпеген кездесу.....	29
Сағыныш.....	32
Тапсырмалар.....	34



## **Құрметті оқырман!**

Үлкен қалаға келген Димаш алғашында өзін жалғыз сезінді. Гена атты баламен танысуы бейтаныс қаланы тануын тездетті. Жаңа мектеп пен жаңа достары оны қалай қарсы алды? Димаш өз орнын таба ала ма?

Үлкендердің ақыл-кеңесі балалардың дұрыс таңдау жасауына әсер етеді. Батылдық білекте ғана емес, жүректе болатыны оқырманға ой салады. Балалар сүйікті кейіпкерімен бірге өзін танып, айналасымен тіл табысады.

Бала мен ересектің арасындағы ашық диалог көпшілікті мазалайтын сұрақтарға жауап береді, өмірлік маңызды мәселелерді оқырманға басқа қырынан танытады.

Ізгі тілекпен: “Астана-кітап”  
баспасының авторлар ұжымы

# ҚАЛАДА



## Қош келдің, Димашжан!

Димаш ата-анасымен қалаға кешқұрым жетті. Елордада кеш батқанымен, қала іші жап-жарық. Бәрі бір жерге асығып барады. Димаштың отбасы көлік кептелісінің әсерінен орталықтағы пәтерге бір сағатта әрең жетті. Олардың пәтері он бірінші қабатта. Әкесі есікті ашып, Димашты ілгері өткізді. Димаш босағадан аттап, жан-жағына қарады. Пәтер ауылдағы үйіне мүлдем ұқсамайды. Ауасы да тар сияқты.

Анасы үйге кіріп, шай демдеді. Төртеуі дастарқан басына жиналды. Димаштың алдында сүйікті тәттілері тұрса да, тәбеті тартпады.

– Димашжан, жолдан шаршап отырсың ба? Неге шай ішпедің?  
– деп сұрады анасы.

– Білмеймін, – деп басын төмен салбыратқан күйде отыра берді. Димашқа “Енді бұл расымен менің үйім бе? Сонда ауылға

